



Ақтау кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2015 жылғы 19 қазандағы № 45/5 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 25 қарашада № 3514 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2022 жылғы 19 мамырдағы № 25/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 19.05.2022 № 25/5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Теміртау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақтау кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

В. Дроздецкий

Мәслихат хатшысы

В. Свиридов

КЕЛІСІЛДІ

Теміртау қаласының әкімі

_____ Ғ.Әшімов

" 19 " қазан 2015 жыл

КЕЛІСІЛДІ

Ақтау кентінің әкімі

_____ А.Ордабаев

"19" қазан 2015 жыл

Теміртау қалалық мәслихатының
2015 жылғы 19 қазандағы
№ 45/5 шешімімен бекітілген

Ақтау кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ақтау кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қаулысына сәйкес әзірленді және Ақтау кентінің, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Ақтау кентінің аумағындағы көшенің, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі – бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Ақтау кентінің әкімімен бөлек жиындар шақырылады.

Теміртау қаласы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Ақтау кентінің көше, көппәтерлі тұрғын үй шегінде бөлек жиынды өткізуді Ақтау кенті әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Ақтау кентінің көшесінен, көппәтерлі тұрғын үйінен қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Ақтау кентінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Ақтау кентінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Ақтау кентінің көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын он тұрғыннан бір адам санымен бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Ақтау кентінің көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны "Ақтау кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне береді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 26.12.2016 № 10/6 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.